

Парасатты полицей – 2017

Қазақстан полициясының 25 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 72 жылдығы қарсаңына орай ұйымдастырылған жыл сайынғы «Парасатты полицей» республикалық байқауына іріктеу туры 27 сәуірде өтті.

Байқаудың басты мақсаты – полиция қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру және мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, сондай-ақ ішкі істер органдарында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тіл мерейін арттыру болды. Аталған мақсаттың үдесінен шығу үшін «Ел қорғандары» (Жетекшісі – Жандарбекова Г.Б.), «Академия қырандары» (Жетекшісі – Құлжанава Г.Т.), «Мирас» (Жетекшісі – Өтегенов Е.Т.), «Академия KZ» (Жетекшісі – Қожабаева Г.Т.) командалары өзара сынға түсті.

Байқауға, төрағасы – Академия бастығының орынбасары Ербол Төлегенұлы Каппасов, мүшелері – Қостанай облысының «Грин» Азаматтық Альянсының жетекшісі Динара Қайырбайқызы Өтебаева, Қостанай облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасы бөлімінің басшысы Кеңжеғали Әмірғалиұлы Бимағанбетов, «Тілдарын» оқыту орталығының оқытушысы Айтқұл Масақбайқызы Доспанова, «Хабар-24» республикалық арнасының тілшісі, талантты ақын Абылай Фазылханұлы Маудановтан құрылған топ қазылық жасады.



«Сақшыдан сәлем» деп аталатын алғашқы айналымда әр команда өздерінің атауы, ұраны, мақсат-міндеттерін айтып, өздерін таныстырды. «Ел қорғандары» командасы алғашқылардың бірі болып, сахнаға қазақ халқының атақты билері: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің образдарын сомдап шығарса, «Академия қырандары» заманауи билерін, «Мирас» командасы Қазақ Ордасының ханы - Абылай ханды ұсынды, ал «Академия KZ» командасы қызықты бейнеролигімен шықты. Командалар шығармашылық ойларымен, ізденістерімен, ерекшелігімен өздерін таныстыра білді.

Келесі «Жамбы ату» айналымында командалардың капитандары шығып, қызықты, ұтқыр әзілдерін ортаға салды. Әсіресе, әзіл бейгенің финалына шыққан полиция майоры Баймағанов Теміржан мен полиция аға лейтенанты Тұрсымбаева Назгүлдің әзілдері көрермендердің көңілінен шықты. Әділқазылардың ортақ шешімімен Тұрсымбаева Назгүл

жеңімпаз деп танылды. «Сегіз қырлы бір сырлы» үй тапсырмасында командалар полиция ерекшеліктеріне қатысты ән, өлең шығарып, полиция қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру үшін өз ой-толғамдарын ықшам әрі қызықты сахналық көріністерімен бейнеледі. Атап айтсақ, «Ел қорғандары» командасы полицияның даму тарихын кезең-кезеңмен көрсетіп, әсіресе Шырақбек Қабылбаевтың образын шебер көрсетті. «Мирас» командасы ішімдікке салынған отбасының трагедиясын көрсетіп, соңы полиция қызметкерінің көмегімен үлгілі отбасына айналғанын көрермен қуана қарсы алса, «Академия KZ» командасындағы Ұлы Отан соғысының ардагер-мүгедегінің монологоі көрермендердің көңілдерін босатса, «Академия қырандары» Академия өмірінен қызықты оқиғаларды жақсы көрсете білді.

Жалпы байқау қорытындысы бойынша «Парасатты полицей» байқауында

«Ұйымшыл команда» номинациясына «Академия қырандары» командасы, «Көрермен көзайымы» номинациясына «Академия KZ» командасы, «Өнерлі команда» номинациясына «Ел қорғандары» командасы лайық деп танылды, ал «Тілегі мен тілі бір» номинациясы полиция майоры Мухлығына Татыана Викторовнаға тапсырылды.

Дүбірлі доданы жарып шығып, «Бас жүлдені» қанжығасына байлаған үздік топ ретінде – «Мирас» командасы танылды.

Қызметкерлер арасында өткен байқауды қорытындылаған Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов: «Бүгінгі байқау біздің қызметкерлеріміздің нағыз талант иелері екенін, мемлекеттік тілді тиісті деңгейде меңгергендерін, бір сөзбен айтқанда, парасатты полицей қандай болу керектігін көрсете білді. Бәрімізге жақсы көңіл-күй сыйлады. Мынадай «сегіз қырлы, бір сырлы» әріптестеріміз барда, біз өзімізді – парасатты полицейлерміз, – деп нық сеніммен айта аламыз» деді.

Біз де өз атымыздан барлық қатысушыларға, оларға жанкүйер болып, барынша қолдау көрсеткен көрермендерге шын жүректен алғыс білдіреміз. Үлкен дайындықпен келген 4 команданың әрқайсысы да жеңімпаз болуға лайықты-ақ.

**Қ. ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ИИМ Ш. Қабылбаев ат.
Қостанай академиясы
Мемлекеттік тіл
бөлімшесінің бастығы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

2017 жылғы 21 сәуірде Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де жауынгерлік және қызметтік дайындық жөніндегі сабақтарында Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы әңгіме көтерілді.

Бұл жайында баяндама жасаған Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Сүлейменов Ерлан Қайырұлы ІІЖБ жеке құрамына Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы негізгі ережелеріне тоқталып, назар аударды.

Ерлан Қайырұлы өз баяндамасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары полиция қызметкерлеріне, қылмыстық-атқару жүйесі, азаматтық қорғаныс, әскери қызметшілер мен әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне құндылықты және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттары жүйесін құру арқылы ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлықтың әрбір түрлеріне тезбеушілік ахуалына жетуіне бағытталғанын атап өтті.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне күнделікті Қазақстан Республикасы Президентінің саясатына бейім болу және жүйелі түрде өмірге жүзеге асыру; заңдылық принципін, конституция талаптарын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтауы тапсырылады.

Сондай-ақ, Қостанай ст. ІІЖБ жеке құрамына қызметкерлерде сыбайлас жемқорлық көріністеріне тезбеушілік қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру жөнінде деректі және әлеуметтік бейнероликтер көрсетілді.

**Қостанай ст. ІІЖБ
кадрлармен жұмыс тобы**

Арнайы пәндер циклының апталығы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қ.) келісіліп бекітілген кестесіне сәйкес өткен сәуір айында арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларымен Арнайы пәндер циклының апталығы өтті.

Өткен айдың бас кезінде «Қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» тақырыбы бойынша Оқу орталығының тағылымдамашыларымен және біліктілігін арттыру курсының Қостанай облысы ІІД учаскелік полиция инспекторларының қатысумен пікірталас өткізілді. Пікірталастың негізгі бағыты тағылымдамашылардың ақыл-ойын дамыту және дағдыландыру болып саналады. Соған орай тағылымдамашылар әкімшілік құқық бұзушылық кодексін барлық теориялық мән-жайларын айтып түсіндірді. Біліктілігін арттыру курсына қатысушы инспекторлар тәжірибелік қызметкерлермен тәжірибеде негізгі әкімшілік құқық бұзушылықтың қалай жасалатынына және жасалу кезіндегі бірнеше мысалдарды келтіріп пікір алысты.

«Бұқаралық іс-шараларды өткізу



іс-шараның басында арнайы пәндер циклының оқытушысы полиция майоры Б. Ілияс қай командада көп жетон болса, сол команда жеңіске жететінін атап өтті. Конкурсқа екі команда қатысты. Біліктілігін арттыру курсына Қостанай облысы ІІД полиция учаскелік инспекторларынан төрешілер құралды. Өр команда қатысушыларының іс-әрекеттерін, яғни қолмен реттеу тәсілін және сайыс бойынша көрсеткен төрешілер бағалады.

Төрешілер іс-шараны қорытындылай келгенде қатысушылардың ең үздігі М.Сұлтанов екендігі анықталды. «Қылмыс және құқық бұзушылық болған кездегі ІІО қызметкерлерінің іс-әрекеті бойынша» арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашылармен рөлдік ойын өткізілді. Бұл рөлдік ойынның негізгі мақсаты тағылымдамашылардың оқиға орнында, немесе сол сияқты құқық бұзушылық болған жерлерде өздерінің алған білімдерін тәжірибедегі іс-әрекеттерімен толығырақ бекітіп бағалау болып саналады. Өткізілген ойынның шарты: қатысушылар әр бөлім қызметкерлері болып, тапсырма бойынша, оқиға болған уақыттан бастап қызметкерлердің іс-әрекеттері: Жедел басқару орталығы,

кезекші бөлімі, жол-патрульдік полиция қызметі, жедел басқару топ, учаскелік полиция инспекторы, жәбірленуші, құқық бұзушы және сол сияқты т.б. ойынға қатысып, яғни қылмыс болған жерге жету, ол жердегі іс-әрекеттері, қылмыскер бойынша бағдар беру міндеті, қылмыскерді анықтау, қылмыскерлерді ұстау, сол сияқты қылмыстың ізін суытпай ашу бойынша өз міндеттерін атқарып, тәжірибедегі әрекеттерін арттырды.

Келесі күні арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларымен «Жол қозғалыс ережелерінің білушілері» тақырыбы бойынша сайыс өткізілді. Тағылымдамашылармен арнайы даярлық пәнін оқыту барысында, сонымен бірге жол қозғалыс ережесі бойынша алған теориялық білімін тексеру және бекіту мақсатында, осы іс-шара өткізілді. Арнайы пәндер циклының оқытушысы полиция майоры Б.Ілияс кіріспе сөзімен сайысты бастап, әділ қазылармен таныстырды, іс-шараның өткізу мақсатымен және тақырыбын ұсынды.

Бірінші турдың алдында әкімшілік құқық бұзушылықпен жасалған жол қозғалыс ережесі бұзуы оқиғасы бойынша бейнеролик интерактивтік тақтада көрсетілді.

Викторинаға қатысу үшін, алдын ала топтың атауымен ұраны ойластырылып, тағылымдамашылармен екі топ құрылды. Бірінші турда бірінші болып «ЖПҚ» аталуымен «Жол патрульдік қызметі әрдайым қорғайды сіздерді» ұранымен шықты. Екінші болып «Реттеушілер» аталуымен «Жол

қозғалысын реттейміз, оқиғаларды шектейміз» ұранымен шықты.

Бірінші турда «Реттеушілер» тобы жеңді, өйткені ұйымшыл болып, сенімді әрекет етіп, топ түпнұсқаны, плакаттарды көрсетті.

Екінші турда топтарға тапсырмалардың шешілуі ұсынылды. Алға тағы да «ЖПҚ» тобы ұмтылды. Өйткені тапсырманы дұрыс шешіп, әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сүйеніп отырып, дұрыс жауабын берді.

Осы жерде, екі команда жауап беру кезінде жасампаздықтарын көрсетті, тек жауап бермей, жолдағы шынайы жағдайды, осындай жағдайларда жол-патрульдік қызметінің қызметкері қалай әрекет ететінін көрсетті.

Үшінші турда, топтарға тесттерді шешу тапсырмасы берілді, екі топта тапсырманы өте жақсы шеше алды. Викторина өткізу нәтижесінде «ЖПҚ» тобы жеңіске жетіп, топ белгілі сыйлықпен марапатталуға ие болды.

Полиция майоры Б.Ілияс қорытынды жасай келіп бұл орайда тәжірибиенің маңыздылығына көңіл бөлу керектігін айтты.

Сондықтан болашақ полицей тағылымдамашыларға жол қозғалыс ережелерін тек біліп қоймай, болашақта тәжірибеде дұрыс қолдана білулері керек.

**Б. ІЛИЯС,
ҚР ИИМ Оқу орталығы
(Қостанай қ.)
Арнайы пәндер циклының
оқытушысы
полиция майоры**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

Мерекелерге арналған іс-шара

Алдағы күндердің бірінде, 9 мамырда Жеңіс күнін тойлаймыз. елімізде Ұлы Отан соғысының қара күндер қасіретін көрмеген бірде-бір отбасы жоқ десек артық айтқандық болмас...

Соғыс көптеген тағдырларды сындырды, бұзды, зақымдады. Қанша өмірлер қиылды, қаншама жас төгілді, әскери уақыттағы ұрпақтардың үлесіне қанша азаптар қиындығын көру тиген.

Сол сияқты осы 7 мамырда Отан қорғаушылар күні де атап өтіп келе жатқанымызға біршама уақыт болды.

Отан қорғаушылар Күнін және Жеңіс Күнін мерекелеу қарсаңында күндізгі оқу бөлімінің



2-курс курсанттары үшін Л. Н. Толстой атындағы облыстық кітапханамен бірлескен іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік

Өнұранын орындаудан басталды. Іс-шараның бірінші жартысында Л.Н. Толстой атындағы облыстық кітапханасының қызметкері Шынар Шалғымбаева қазақстандықтардың ерліктерінің жылнамасы және Отанға қызмет ету дәстүрінің сабақтастығын Қазақстан 25 жыл бойы еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, заманауи және кәсіби әскер дамуына әрқашан ерекше көңіл бөлгені туралы әңгімеледі.

Іс-шараның екінші жартысы фашистік Германияны жеңген Ұлы Жеңіске арналды.

Барлық іс-шара барысында курсанттарға осы мерекелерге арналған бейне-роликтер көрсетілді. Соғыс жылдарындағы әндер

шырқалды. Ұлы Отан соғысының Батырлары аталды, сондай-ақ олардың ерліктерін көрсететін бейнесюжеттер болды.

Аталмыш іс-шара 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы туралы, оның қорғаушылары мен ерліктері туралы курсанттардың білімін қалыптастыру, адамгершілік-патриоттық тәрбие беруге ықпал жасау, тарихи жадты сақтау, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында өткізілді.

Ерік ӘКІМЖАНОВ,
Аға оқытушы-әдіскер,
куратор, полиция майоры
Сәуле БАЙҒАБЫЛОВА,
ПДО оқытушы-әдіскері,
куратор, полиция майоры

«Ел қорғандары» үздік команда

Биыл Қазақстан полициясының құрылғанына 25 жыл ғана толып отырған жоқ, сонымен қатар Қазақстан полициясының тарихы – бұл біздің Ұлы еліміздің тарихы.

Бұрынғы заманда да ата-бабамыз қазақ халқын қорғау туралы ойлаған. Жеті жарғы – Тәуке хан кезіндегі Қазақ хандығында қабылданған бірінші заңдар жинағы. Бұл жинақ әйгілі Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің қатысуымен XVIII ғасырдың басында әзірленді. Осы заңдардың негізі – біздің жерімізді, отбасымызды құзету, қылмыс үшін жазалау, жетімдер мен жесірлерді қорғау – әлі күнге дейін қызмет етеді.

Қазақстан полициясының құрылу тарихы – мерейтойлы жылы «Парасатты полицей» сайысындағы «Ел қорғандары» командасының тақырыбына айналды. Қостанай академиясының сахнасында сонау ата заманнан бастап қазіргі уақытқа дейінгі тарихи жайлар көрсетілді.

Көрермендер алдына «әртістер» сомдаған қазақ билері, ТК (ЧК) қызметкерлері, әйгілі генерал Шырақбек Қабылбаев, кеңестік милиция қызметкерлері шықты.

Көрермендердің ойлары бойынша «Ел қорғандары» командасының қойылымдары сайыстың барлық талаптарын орындады және «Парасатты полицей» академиялық сайысында ең үздік болды. Патриотизм сезімін тәрбиелеу, қызметкерлердің шығармашылық сапасын дамыту, полиция қызметкерінің онды беделін көтерудегі қойылған мақсат орындалды.

Сайысқа қатысқан барлық командалар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. А. Ибраевтың, К. Карабековтың, Р. Аужановтың, Е. Дерипсалдиннің, Н. Есенжоловтың, Л. Нуралинаның, А. Табулденовтың, Т.



Баймагановтың, Т. Ергалиевтың, С. Мурзабаеваның, А. Сырлыбаевтың, А. Конвисарьдің, Б. Абдыхалықовтың, Б. Құрманғаливананың, Н. Турсумбаеваның актерлік шеберліктері барлығын таң қалдырды.

Эмоциялар, командалар қолдауы, полицей мамандығына деген махаббат – «Парасатты полицей» сайысының қорытындысы.

Г. ЖАНДАРБЕКОВА,
Б. НУРКИНА,
Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институты

Жыр жүректің бұлағы

«Қостанай қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапхана жүйесі» «Оңтүстік» кітапханасында ақын Ғайнижамал Бердалинованың «Жыр жүректің бұлағы» атты кездесу көші өтті.



Кітапхана залында шырайлы кештің қонақтары ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің курсанттары мен Қостанай индустриалдық колледжінің студенттері және бір топ зиялы қауым өкілдері жиналды. Жастарымыз Ғайнижамал апаны үлкен қошеметпен қарсы алды.

Кештің мақсаты, оқырмандарды жергілікті ақынмен кездестіре отырып шығармашылығымен жақынырақ таныстыру, кіші буын жастарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге баулу, қаламгер жазушының өлеңдерін насихаттай отырып, қызығушылықтарын ояту, оқырмандарды сөз өнерін қастерлеуге дағдыландыру, жазушының ерен еңбегін бағалап, үлгі ету. Алайымыздың туындыларын оқып, көрермендерге тарту ету. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту болатын.

Кештің шымылдығын ашқан «Ақ дариға» хоры ақын Ғайнижамал Бердалинованың сөзіне жазылған «Немерелеріме» атты әнін шырқады.

«Барлығымыздың, аға ұрпақтың бүгінгі мақсаты – жастарға тәлім-тәрбие беру, дербес еліміздің дамуына өз үлесімізді қосу. Бір шаңырақ астында бірлікте өмір сүру арқылы ғана жетістіктерге жете аламыз», – деді ақын, ұстаз Ғайнижамал Бердалинова. Ол кісі өзінің қаламынан туған «Нұрлы жолға арнау» атты жырды көпшілікке тарту етті.

Жас өнерпаздар ән шырқап, би билеп жүректен шыққан жалын-жырларымен бөлісті. Ақын өлеңдерінен шабыт алған жастар 1-курс курсанттары: В.Синолицина, Д.Абдуллаева, 2 курс курсанты Е.Жақсынбек жырдан шашу шашты. Жас күйші 1-курс курсанты Ж. Иманбаев домбырасымен күй күмбірлетті.

Кездесуге келгендер өрнекті жырларға барынша сусындап, поэзия құдіретінің қыр-сырына қанықты. Жиналғандар ақынның шығармашылығымен жақынырақ танысуға мүмкіншілік алды. Көптеген сауалдар жолдап оған өздері қанағаттанарлықтай жауап естіді.

Қостанайда белді бұқаралық ақпарат құралдарында абыройлы қызмет істеп, бұл күнде немере, шеберлерінің ортасында еңбегінің зейнетін көріп отырған Ғайнижамал Бердалинованы танымайтын адам кемде-кем. Кезінде «Таза бұлақ» қоғамдық қорын ашып, «Жас қазақ», «Алға» секілді жастар журналының жарық көруіне мұрындық болды. Апымыздың осы еңбегі еленіп, Қостанай облыстық меценаттар клубының «Қазына» және Іскер әйелдер қауымдастығының «Ажар» сыйлықтарына ие болды.

Кеш барысында ақын Ғайнижамал Бердалинова туралы жасалған слайдтар тізбегі мерекелік іс-шараның сәнін келтірді. Кітапхана ұжымы ұйымдастырған «Жыр жүректің бұлағы» атты кітап көрмесі тамашаланды.

Кездесу соңында ақын курсанттарға өз қолтаңбасын қалдырып, естелікке суретке түсті.

Л. КЕНЖЕБАЕВА,
Тілдер кафедрасының оқытушысы
полиция майоры

Біздің мақтаншымыз сенімді ақтады

Сәуірдің 19–20-сы аралығында Орал қаласында қазақ күресінен Қазақстан Республикасының IV Жастар спорттық ойындары өткізілді.

Бұл додаға 100 келі салмақ дәрежесінде Руслан Таңқыбаев және Ержан Кабидуллин жаттықтыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев

атындағы Қостанай академиясының 1-курс курсанты, бірнеше жарыстардың жеңімпазы, балуан Жан Сабит те ат салысты. Ол жай ғана ат салысып қоймай, барлық қарсыластарына айтарлықтай тосқауыл бола білді.

Қарсыластарын бірінен соң бірін жығып, алдынан шыққанның арқасымен қадап, шетінен келгеннің желкесінен ұстап, қос жауырынымен жер иіскетіп жатты. Осындай қарқынымен жартылай финалға дейін барып, шеберлігінің арқасында жоғары бәсекеде орны бөлек III орын иегері атанды.

Естеріңізге сала кетсек Жан Сабит Арқалық қаласы күрес мектебінің түлегі саналады. Ол тәжірибелі жаттықтырушы Данияр Қарпықовтың жаттықтыруымен шыңдалған әрі белді шәкірттерінің бірі болған. Ал қазіргі таңда Академиямыздың жаттықтырушыларының қарамағында жаттығады. Академиямыздың Қажымұқаны атанған балуанымыздың бүгінде асығы алшысынан түсуде. Әр бәсекеде атымызды танытып жүр. Бұдан кейінде әлі талай белестерді бағындырамын жаттықтырушылары және бүкіл Академия құрамы сенім білдіреді.

Академияның баспасөз қызметі



Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru